

Облыстың мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ормандарды пайдаланудың кейбір түрлері үшін төлемақы мөлшерлемелерін бекіту туралы

Жамбыл облысы мәслихатының 2025 жылғы 27 қарашадағы № 28-3 шешімі

"Салық және бюджетке төленетін басқада міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының Кодексінің 587 бабына, Қазақстан Республикасының Орман кодексінің 14 бабына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 6 бабына сәйкес Жамбыл облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Облыстың мемлекеттік орман қоры учаскелерінде қосалқы сүрек ресурстарын дайындауға төлемақы мөлшерлемелері 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Облыстың мемлекеттік орман қоры учаскелерінде негізделген жанама орман пайдалану үшін төлемақы мөлшерлемелері 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Аңшылық шаруашылығының қажеті үшін, ғылыми-зерттеу, сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттағы мақсаттарда, ағаш және бұта тұқымдарының отырғызу материалдары мен арнайы мақсаттағы плантациялық екпелерді өсіру бойынша облыстың мемлекеттік орман қоры учаскелерін пайдалану үшін төлемақы мөлшерлемелері 3-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. Облыстың мемлекеттік орман қоры учаскелерінде дәрілік өсімдіктерді, қамыс пен саңырауқұлақтарды жинау және дайындау үшін төлемақы мөлшерлемелерін 4-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

5. Осы шешімнің орындалуын бақылау Жамбыл облыстық мәслихаттың экология, өнеркәсіп, құрылыс, табиғи ресурстар, агроөнеркәсіпті және кәсіпкерлікті дамыту мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

6. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат төрағасы

А. Нұралиев

Жамбыл облысы мәслихатының
2025жылғы "27" қарашадағы №28-3
шешіміне 1-қосымша

Облыстың мемлекеттік орман қоры учаскелерінде қосалқы сүрек ресурстарын дайындауға төлемақы мөлшерлемелері

№	Қосалқы сүрек ресурстары	Өлшем бірлігі	Ресурстарды дайындау үшін төлемақы мөлшерлемелері (айлық есептік көрсеткіш)

1	Аққайың:		
	қабық	тонна	0,016
	бұтақтар	тонна	0,032
	жапырақтар	тонна	0,008
	бүршіктер	килограмм	0,048
	томарлар	тонна	0,024
	тамырлар	тонна	0,016
2	Емен:		
	қабық	тонна	0,041
	бұтақтар	тонна	0,082
	жапырақтар	тонна	0,021
	бүршіктер	килограмм	0,123
	томарлар	тонна	0,062
	тамырлар	тонна	0,041
3	Қарағаш:		
	қабық	тонна	0,014
	бұтақтар	тонна	0,028
	жапырақтар	тонна	0,007
	бүршіктер	килограмм	0,042
	томарлар	тонна	0,021
	тамырлар	тонна	0,014
4	Терек:		
	қабық	тонна	0,011
	бұтақтар	тонна	0,022
	жапырақтар	тонна	0,006
	бүршіктер	килограмм	0,033
	томарлар	тонна	0,017
	тамырлар	тонна	0,011

Ескерту: Екінші дәрежелі сүрек ресурстарын дайындағаны үшін, төлемақы мөлшерлемеріне Салық кодексінің 587-бабының, 3-тармағында белгіленген арттыратын және төмендететін коэффициенттер қолданылады.

Жамбыл облысы маслихатының
2025 жылғы "27" қарашадағы №28 -3
шешіміне 2-қосымша

Облыстың мемлекеттік орман қоры учаскелерінде негізделген жанама орман пайдалану үшін төлемақы мөлшерлемелері

№	Пайдалану түрі	Өлшем бірлігі	Төлемақы мөлшерлемелері (теңге)
1	Ара ұялары мен омарталар орналастыру	1 ұя	535

2	Мемлекеттік орман қоры аумағында шөп шабу:						
	сапалық жай-күйі жақсы	1 гектар	642				
	сапалық жай-күйі қанағаттанарлық	1 гектар	482				
	сапалық жай-күйі қанағаттанғысыз	1 гектар	375				
3	Аң шаруашылығы (өсіру)	1 гектар	1023				
4		Мемлекеттік орман қоры аумағында мал жаю:					
Жануарлар топтары		Ірі қара			Ұсақ мал		
		Түйе	ІҚМ	Жылқы	Ірі қара төлі	Ешкі	Қой
Шөл және шөлейтті аймақта мал жайғаны үшін бір басқа төлемақы мөлшерлемелері (теңге)		100%	80%	80%	40%	70%	20%
		1875	1500	1500	750	1313	375
Далалы аймақта мал жайғаны үшін бір басқа төлемақы мөлшерлемелері (теңге)		1059	847	847	424	741	212
Таулы аймақта мал жайғаны үшін бір басқа төлемақы мөлшерлемелері (теңге)		563	450	450	225	394	113

Ескертпе: Қазақстан Республикасының Орман кодексінің 34-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі орман ресурстары қысқа мерзімді орман пайдалануға мемлекеттік орман иеленушілер беретін орман билеті негізінде бір жылға дейінгі мерзімге беріледі. Орман билеті жарты жылға берілген жағдайда төлемақы белгіленген төлемақы мөлшерінің 50 пайызы көлемінде төленеді.

Жамбыл облысы маслихатының
2025 жылғы "27" қарашадағы №28 -3
шешіміне 3-қосымша

Аңшылық шаруашылығының қажеті үшін, ғылыми-зерттеу, сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттағы мақсаттарда, ағаш және бұта тұқымдарының отырғызу материалдары мен арнайы мақсаттағы плантациялық екпелерді өсіру бойынша облыстың мемлекеттік орман қоры учаскелерін пайдалану үшін төлемақы мөлшерлемелері

--	--	--	--

№	Орман пайдаланудың түрлері	Өлшем бірлігі	Т ө л е м а қ ы мөлшерлемелері (теңге)
Ұзақ мерзімге пайдалану (10 жылдан 49 жылға дейін)			
1	Мемлекеттік орман қоры учаскелерін аңшылық шаруашылық қажеті үшін пайдалану	1 гектар	0
2	Мемлекеттік орман қоры учаскелерін ғылыми-зерттеу, сауықтыру мақсатында пайдалану	1 гектар	268
3	Мемлекеттік орман қоры учаскелерін рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсатында пайдалану	1 гектар	1023
4	Мемлекеттік орман қоры учаскелерін ағаш және бұта тұқымдарының отырғызу материалдары мен арнайы мақсаттағы плантациялық екпелерді өсіру	1 гектар	Қазақстан Республикасы Салық кодексінің (2017 жылғы 25 желтоқсандағы №120-VI) 503 бабында белгіленген базалық мөлшерлемелер мен 506-бабында белгіленген мөлшерлемелер (жер салығы) деңгейінде айқындалады
Қысқа мерзімге пайдалану (1 жылға дейін)			
5	Мемлекеттік орман қоры учаскелерін ғылыми-зерттеу, сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсатында пайдалану	1 күн	0,1 айлық есептік көрсеткіш

Жамбыл облысы маслихатының
2025 жылғы "27" қарашадағы №28-3
шешіміне 4-қосымша

Облыстың мемлекеттік орман қоры учаскелерінде дәрілік өсімдіктерді жинау және дайындау үшін төлемақы мөлшерлемелері

№	Өсімдіктің атауы	Шикізат түрі	Нарықтық бағасы тенге 1кг үшін	Есепке қолданылатын баға, 1 килограмм үшін теңгемен	Шаруашылық маңызы Төлем-ақы мөлшерлемелерінің деңгейі пайыз-бен	Есептелген төлемақы мөлшерлемелері, теңге

1	Дәрілік жалбызтікен	Тамырлары	16000	8800	20	1760
2	Бөрі қарақат	Тамырлары Жапырақтары Жемістері	16000 10000	8800 5500	20 30	1760 1650
3	Құмды бесмертник (цмин)	Гүлдері	7000	3850	30	1155
4	Алқызыл долана	Гүлдері Жемістері	5000	2750	30	825
5	Күмәнді валериана	Тамырлары	26000	14300	20	4290
6	Айланшөп таран	Шөп	10000	5500	30	1650
7	Биік андыз	Тамыр	5300	2915	20	583
8	Дәрі түйе жоңышқа	Шөп	10000	5500	30	1650
9	Кәдімгі жұпаргүл	Шөп	4600	5500	30	759
10	Шілтер жапырақ шаңқурай	Шөп	5000	2750	30	825
11	Қосүйлі қалақай	Жапырақтар	5000	2750	30	825
12	Кәдімгі өгейшөп	Гүлдері Жапырақтар	10000	5500	30	1650
13	Дала жалбыз	Шөп	10000	5500	30	1650
14	Дәрі бақбак	Тамырлары	15000	8250	20	2475
15	Кәдімгі түймешетен	Гүлдері	10000	5500	30	1650
16	Д а л а таушымылды қ	Тамырлары	16000	8800	20	1760
17	Үлкен бақа жапырақ	Жапырақтар	8000	4400	30	1320
18	Ашщы жусан	Ш ө п жапырақтары	10000	5500	30	1650
19	Дәрілік ромашка	Гүлсебеттері	10000	5500	30	1650
20	Кәдімгі мынжапырақ	Шөп	10000	5500	30	1650
21	Д а л а қырықбуыны	Шөп	10000	5500	30	1650
22	Сасық кереуік	Тамырлары	16000	8800	20	1760
23	Үштармақ итошаған	Шөп	10000	5500	30	1650

24	Шөлдiк шалфей	Жапырақтары	10000	5500	30	1650
25	Итмұрын раушан	Жемістері	5000	3850	40	1540
26	Сұңғыла	Тамыры	16000	8800	20	1760
27	Қызыл мия	Тамыры	15000	8250	20	1650

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде қамысты жинау және дайындау үшін төлемақы мөлшерлемелері

№	Өсімдіктің атауы (қазақша)	Шикізат түрі	1 текше метр үшін нарықтық бағасы теңгемен	Төлемақы мөлшерлемелерінің деңгейі пайызбен	Есептелген төлемақы мөлшерлемелері, теңге	
1	Қамыс	өзегі	300	-	300	
Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде саңырауқұлақ жинау және дайындау үшін төлемақы мөлшерлемелері						
№	Өсімдіктің атауы (қазақша)	Шикізат түрі	Нарықтық бағасы теңгемен, 1 кило-грамм үшін дымқыл күйде	Есепке қолданылатын баға, 1 килограмм үшін теңгемен	Төлемақы мөлшерлемелерінің деңгейі пайызбен	Есептелген төлемақы мөлшерлемелері, теңге
1	Саңырауқұлақ	қалпақша	1500	825	30	248